

"Қарағанды облысының су қорғау аймақтары мен белдеулері және олардың шаруашылықта пайдалану тәртібін белгілеу туралы"

Қарағанды облысының әкімдігінің 2025 жылғы 15 қазандағы № 60/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 27, 85, 86-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына, "Су қорғау аймақтары мен белдеулері шекараларын белгілеу Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 120-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36238 болып тіркелген) сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, Қарағанды облысының су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, Қарағанды облысының су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдалану тәртібі белгіленсін.

3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес, Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Бөлекпаев

Қарағанды облысы әкімдігінің

2025 жылғы 15 қазандағы

№ 60/02 қаулысына 1-қосымша

Қарағанды облысының су қорғау аймақтары мен белдеулері

№	Су объектісінің атауы	Орналасқан жері	Су қорғау аймағының ені (метр)	Су қорғау белдеуінің ені (метр)
Қарағанды қаласы				
1	Кіші Бұқпа өзені	Қарағанды қаласы	75-500	35-100
2	Үлкен Бұқпа өзені	Қарағанды қаласы	500	35-100
3	Солонка өзені	Қарағанды қаласы	300-500	50-100
4	Веснянка өзені	Қарағанды қаласы	500	35-100
5	Көкпекті өзені	Қарағанды қаласы	500	35-75
6	Узенка өзені	Қарағанды қаласы	500	35-100
7	Ащилыайрық өзені	Қарағанды қаласы	500	35-100
8	Федоров су қоймасы	Қарағанды қаласы	70-430	35-100
9	Соқыр өзені	Қарағанды қаласы	500	35

Балқаш қаласы				
10	Балқаш көлі (су қорғау аймағы мен жолағының ішкі шекарасы 342,0 метр таңбаланудағы су қиылысында қабылданады)	Балқаш қаласы	500-3170	35-100
Приозерск қаласы				
11	Балқаш көлі (су қорғау аймағы мен жолағының ішкі шекарасы 342,0 метр таңбаланудағы су қиылысында қабылданады)	Приозерск қаласы	500-3170	35-100
Саран қаласы				
12	Саран су қоймасы	Саран қаласы, Карагандинка өзенінде	500	35-100
13	Соқыр өзені	Саран қаласы	500	35
14	Қарағанды өзені	Саран қаласы	500-1000	55-75
Шахтинск қаласы				
15	Тентек өзені	Шахтинск қаласы	500	35-50
16	Соқыр өзені	Шахтинск қаласы	500	35
17	Шерубай-Нұра өзені	Шахтинск қаласы	500	35
Теміртау қаласы				
18	Нұра өзені	Теміртау қаласы	80-1000	35-100
19	Самарқанд су қоймасы	Теміртау қаласы	300-500	35-100
Абай ауданы				
20	Тентек өзені	Абай ауданы	500	35-50
21	Сасықкөл көлі	Абай ауданы, Шахтинск қаласының оңтүстік-батысқа қарай 8 километр	500	35-100
22	Шерубай-Нұра су қоймасы	Абай ауданы, Топар кентінің оңтүстік-батысқа қарай 3 километр жерде, Шерубайнұра өзенінде	500	35-100
23	Топар өзені	Абай ауданы	500	35-50
24	Сулу өзені	Абай ауданы	500	50
25	Есен өзені	Абай ауданы	500	35-75

26	Нұра өзені	Абай ауданы	80-1000	35-100
27	Шерубай-Нұра өзені	Абай ауданы	500	35
28	Ынтымақ су қоймасы	Абай ауданы	1000	55-100
Ақтоғай ауданы				
29	Балқаш көлі (су қорғау аймағы мен жолағының ішкі шекарасы 342,0 метр таңбаланудағы су қиылысында қабылданады)	Ақтоғай ауданы	500-3170	35-100
30	Зеленый аралы орналасқан шегінде Балқаш көлі (су қорғау аймағы мен белдеуінің ішкі шекарасы балтық жүйесінің 342,0 метр белгісіндегі су кемері бойынша қабылданған)	Ақтоғай ауданы	500	35
31	Тоқырау өзені (су қорғау аймағы мен жолағының ішкі шекарасы суару кезеңіндегі орташа көпжылдық межендік дәрежедегі су қиылысында қабылданады)	Ақтоғай ауданы	500-3500	55-100
32	Қусақ өзені	Ақтоғай ауданы	500	35
33	Жәмші өзені	Ақтоғай ауданы	500-1300	55-100
34	Қараменды өзені	Ақтоғай ауданы	500	35-50
35	Мойынты өзені	Ақтоғай ауданы	500	55-100
36	Ақтайлақ өзені	Ақтоғай ауданы	500	35-36
37	Қаршығалы өзені	Ақтоғай ауданы	500	35-36
38	Шерубай-Нұра өзені	Ақтоғай ауданы	500	35
Бұқар-Жырау ауданы				
39	Шідерті өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	100
40	Шайлы өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	55-100
41	Көкпекті өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75

42	Узенка өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-100
43	Ащилыайрық өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-100
44	Ошағанды өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
45	Көкпекті су қоймасы	Бұқар-Жырау ауданы, Көкпекті ауылынан шығысқа қарай 2 километр жерде, Көкпекті өзенінде	500	35-50
46	Ащысу су қоймасы	Бұқар-Жырау ауданы, Қарағанды қаласынан солтүстік-шығыс бағытта 90 километр жерде	500	35-75
47	Баймырза өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	55-100
48	Шоқай өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	55-100
49	Ащысу өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
50	Шоқай су қоймасы	Бұқар-Жырау ауданы, Баймырза селосынан солтүстікке қарай 0,5 километр жерде	500	100
51	Өткелсіз өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	55-100
52	Қарасу (Жартас) өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
53	Теректы өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
54	Алтынсу өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
55	Аделсу өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
56	Нұра өзені	Бұқар-Жырау ауданы	80-1000	35-100
57	Соқыр өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35
58	Шерубай-Нұра өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35
59	Ынтымақ су қоймасы	Бұқар-Жырау ауданы	1000	55-100
60	Ботақара Су Қоймасы	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-40

61	Буденов су қоймасы	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-100
62	Чкалов су қоймасы	Бұқар-Жырау ауданы	500	55-75
63	Шалқаркөл көлі, Семізбұғы	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-100
Қарқаралы ауданы				
64	Қарасор көлі	Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 километр жерде	500	35-50
65	Талды өзені	Қарқаралы ауданы	500	35-100
66	Балықтыкөл көлі	Қарқаралы ауданы, Қоянды кентінең оңтүстік-шығысына қарай	500	35-75
67	Жарлы өзені	Қарқаралы ауданы	500	75-100
68	Матақ өзені	Қарқаралы ауданы	500	50-75
69	Қарқаралинка өзені	Қарқаралы ауданы	500	35-100
70	Тұндық өзені	Қарқаралы ауданы	500	35-75
71	Аделсу өзені	Қарқаралы ауданы	500	35-75
72	Үлкен Қарқаралы көлі	Қарқаралы ауданы	500	35-100
73	Нұра өзені		80-1000	35-100
Нұра ауданы				
74	Балықты көлі	Нұра ауданы	500	35-50
75	Бикеш өзені	Нұра ауданы	500	100
76	Сарыозек өзені	Нұра ауданы	500	35-50
77	Ащилы өзені	Нұра ауданы	500	35-50
78	Қыпшақ өзені	Нұра ауданы	500	35-50
79	Керей өзені	Нұра ауданы	500	35-50
80	Кон өзені	Нұра ауданы	500	75-100
81	Жаманқон өзені	Нұра ауданы	500	75-100
82	Жақсықон өзені	Нұра ауданы	500	75-100
83	Соналы өзені	Нұра ауданы	500	75-100
84	Құланотпес өзені	Нұра ауданы	500	55-100
85	Үлкен Күндүзды өзені	Нұра ауданы	500	35-100
Осакаров ауданы				
86	Шідерті өзені	Осакаров ауданы	500	100
87	Ошағанды өзені	Осакаров ауданы	500	35-75
88	Бикеш өзені	Осакаров ауданы	500	100
89	Баймырза өзені	Осакаров ауданы	500	55-100

90	Қарғалы өзені	Осакаров ауданы	500	50
91	Тоқсымақ көлі	Осакаров ауданы, Озерный ауылдық округінің солтүстік-батысына қарай 10 километр жерде	500	35-100
92	Есіл су қоймасы	Осакаров ауданы, Есіл өзенінен 40 километр жерде	500	35-100
93	Есіл өзені	Осакаров ауданы	500	35-75
94	Шоқай өзені	Осакаров ауданы	500	55-100
95	Оленты өзені	Осакаров ауданы	500	75-100
96	Ақбастау өзені	Осакаров ауданы	500	35-55
97	ҮлкенКүндүзды өзені	Осакаров ауданы	500	35-100
98	Коммунар су қоймасы	Осакаров ауданы	500	35-70
99	Ошағанды су қоймасы	Осакаров ауданы	500	100
100	Комсомол су қоймасы	Осакаров ауданы	500	35
Шет ауданы				
101	Тұматай өзенінің учаскесі	Шет ауданы	500	35
102	Краснополянский су қоймасы	Шет ауданы, Қарағанды қаласынан оңтүстікке қарай 70 километр жерде	500	35-100
103	Сарыбұлақ өзені	Шет ауданы	500	100
104	Шажағай өзені	Шет ауданы	500	100
105	Жәмші өзені	Шет ауданы	500-1300	55-100
106	Талдыманака өзені	Шет ауданы	500	50
107	Курманака өзені	Шет ауданы	500	50
108	Талдыэспе өзені	Шет ауданы	500	50
109	Сулу өзені	Шет ауданы	500	50
110	Мойынты өзені	Шет ауданы	500	55-100
111	Есен өзені	Шет ауданы	500	35-75
112	Апарсу өзені	Шет ауданы, "Солтүстік Қатпар" кен орнының жоспарланған қызметінің іргелес учаскесі	500	35
113	Шерубай-Нұра өзені	Шет ауданы	500	55-75

114	Қызылтау су қоймасы	Шет ауданы	500	55-75
115	Жақсысарысу өзені	Шет ауданы	500	35-50
116	Жамансарысу өзені	Шет ауданы	500	35-50

Қарағанды облысы әкімдігінің
2025 жылғы 15 қазандағы
№ 60/02 қаулысына 2-қосымша

Қарағанды облысының су қорғау аймақтарын, белдеулерін шаруашылықта пайдалану тәртібі

1. Жерүсті су объектілерінде:

1) жерасты суларына іздеу-бағалау жұмыстарын және оларды алуды, Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды, сондай-ақ кен іздеушілікті, ас тұзын, емдік балшықтар өндіруді қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге;

2) радиоактивті және улы заттармен, тұрмыстық қатты және өндірістік қалдықтармен, улы химикаттармен, тыңайтқыштармен, қатты және сұйық түрдегі мұнай, химия өнімдерімен ластауға және қоқыстауға;

3) жол берілетін төгінділер нормативтеріне дейін тазартылмаған сарқынды суларды ағызуға;

4) бекітілген су режимінсіз және арнаулы су пайдалануға рұқсатсыз суды алуға және (немесе) пайдалануға;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын тоғытуға және санитариялық өңдеуге;

6) бассейндік су инспекциясының келісімінсіз құрылыс қызметіне, ауыл шаруашылығы жұмыстарына, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға байланысты жұмыстарды және өзге де жұмыстарды жүргізуге;

7) пайдаланудан шығарылған (бүлінген) кемелерді және өзге де жүзу құралдарын, көлік құралдарын (олардың тетіктері мен бөліктерін) көмуге тыйым салынады.

2. Су қорғау белдеулері шегінде шаруашылық қызметтің кез келген түріне, сондай-ақ шаруашылық және өзге де қызметті жүргізу үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынады, бұл тыйымға мынадай жағдайлар:

1) мыналарды:

су шаруашылығы құрылысжайлары мен олардың коммуникацияларын;

көпірлерді, көпір құрылысжайларын;

айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, балық аулау мен аквашаруашылық қызметіне байланысты өзге де инфрақұрылым объектілерін;

балық өсіретін тоғандарды, балық өсіретін бассейндер мен балық өсіретін объектілерді, сондай-ақ оларға коммуникацияларды;

ғимараттар мен құрылысжайлардың күрделі құрылысынсыз балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын, жағажайларды, аквапарктерді және басқа да рекреациялық аймақтарды;

су объектілері жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін салу және пайдалану;

2) жағалауды нығайту, ағаш өсіру және көгалдандыру;

3) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында рұқсат етілген қызмет кірмейді.

3. Су қорғау аймақтары шегінде:

1) жерүсті су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) автожанармай құю станцияларын, мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын техникалық қарап-тексеру, оларға қызмет көрсету, жөндеу және жуу пункттерін орналастыруға және салуға;

3) тыңайтқыштарды, пестицидтерді, улы химикаттарды, көнді сақтауға және оларды қолдануға арналған қоймалар мен алаңдарды орналастыруға және салуға тыйым салынады. Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған кезде уыттылығы аз және орташа, жойылуы оңай пестицидтерді қолдануға жол беріледі ;

4) тұрмыстық қатты және өнеркәсіптік қалдықтардың үйінділерін орналастыруға және жайғастыруға;

5) зираттарды орналастыруға;

6) жүктеме нормасынан асатын ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға, мал шаруашылықтарын, мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), пестицидтердің арнаулы қоймаларын (көмінділерін) және олардың ыдыстарын орналастыруға;

7) сарқынды суларды жинақтағыштарды, сарқынды сулармен суару алқаптарын, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық және паразитологиялық ластану қаупін туғызатын басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады.

Қарағанды облысы әкімдігінің

2025 жылғы 15 қазандағы

№ 60/02 қаулысына 3-қосымша

Қарағанды облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған, кейбір қаулыларының тізбесі

1. Қарағанды облысының әкімдігінің 2024 жылғы 4 қазандағы № 60/03 "Қарағанды облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды

шаруашылыққа пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6666-09 болып тіркелген).

2. Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 11/06 "Қарағанды облысының әкімшілік шекарасындағы Нұра өзенінде, Қарағанды облысының Шерубай-Нұра, Сарысу, Соқыр, Карагандинка өзендерінде, Көпкөл, Бараккөл, Ащыкөл көлдерінде, Федоров, Самарқант, Ынтымақ, Жартас Су қоймаларында су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1913 болып тіркелген).

3. Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 11/02 "Қарағанды облысының Қон, Жаманқон, Жақсықон, Үлкенқұндызды, Соналы, Құланөтпес, Жақсысарысу, Жамансарысу өзендерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1909 болып тіркелген).

4. Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 қарашадағы № 61/05 "Қарағанды облысының Ботақара, Буденов, Ошағанды, Чкалов, Ақтасты, Бидаиқ, Қылыш, Коммунар, Комсомол және Қызылтау су қоймаларында су қорғау аймақтары, белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2876 болып тіркелген).